

«Ұлттық қолөнер - бабалар мұрасы» тақырыбында республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Ұлттық қолөнер - бабалар мұрасы» тақырыбында республикалық интернет-байқауды (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты: жас ұрпақты шығармашылық сарынға тәрбиелеу арқылы сәндік-қолданбалы ұлттық өнерге насихаттау, мәдени дәстүрлерді және рухани құндылықтарды сақтауға баулу.

3. Байқау міндеттері:

1) білім алушылардың ұлттық қолөнер саласы бойынша шығармашылық белсенділігін дамыту;

2) көркем эстетикалық талғамдарын, қабілеттерін және дағдыларын қалыптастыру;

3) бақылау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;

4) ұлттық қолөнерге деген сүйіспеншіліктерін дарыту.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау **2016 жылғы 3 ақпан мен 14 наурыз** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 14 наурызға** дейін **konkurs.podelki@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады. Анықтама телефоны: 8 (7172) 72-98-99.

8. **2016 жылғы 14 наурыздан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында авторды көрсете отырып, жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

11. Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
(Резидент).

БИН 990140004733

ИИККЗ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Төлемақы аталуы: «**Ұлттық қолөнер-бабалар мұрасы**» байқауы.
Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және
төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп,
konkurs.podelki@mail.ru электронды поштасына жіберу қажет.

12. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2016 жылғы 28**
наурызда www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

13. Байқауға білім беру ұйымдарының 7-17 жас аралығындағы білім
алушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады:

- 1) кіші жас санаты: 7-10 жас;
- 2) орта жас санаты: 11-14 жас;
- 3) жоғарғы жас санаты: 15-17 жас.

14. *Байқау ұлттық қолөнерді насихаттау бағытындағы келесі
номинациялар бойынша өткізіледі:*

- кестелеп тіккен үздік бұйым;
- шілтерден жасалған үздік бұйым;
- көркемдеп тоқылған үздік бұйым;
- өрнекпен көркемделген матадан жасалған бұйым;
- үздік теріден, күдеріден, киізден жасалған үздік бұйым;
- үздік қағаздан, қатты қағаздан, ағаштан жасалған үздік бұйым;
- сүйектен, сабаннан, қамыстан жасалған үздік бұйым;
- сымнан, пластиктен, бисерден және т.б. заттардан жасалған үздік

бұйым

15. Байқауға келесі талаптарға сәйкес келетін жұмыстар қабылданады:

- 1) жұмысты орындау кезеңінің толық мәтіндік сипаттамасы және
фотосуреттері;
- 2) қолданылған материалдар мен құрал-жабдықтардың мәтіндік
сипаттамасы (жұмыс үшін қолданылатын материалдар мен техникалар
көлемі шектелмейді);
- 3) жұмыстың дайын түрінің фотосуреттері;
- 4) қатысушылар интернеттен, кітап және журналдардан идеяларды
алуына болады, бірақ мәтін және жұмыстың өзі авторлық және бірегей болуы
тиіс.

16. Байқау жұмыстары келесі өлшемдер бойынша бағаланады:

- 1) жұмысты эстетикалық ресімдеу;
- 2) жұмыста бейнені орындаудың бірегейлігі;
- 3) жаңа инновациялық технологиялар мен материалдарды пайдалану;
- 4) өзіндік шығармашылығын көрсету.

17. Байқау жұмысының титул парағын толтыру тәртібі.

Байқау жұмысының титул парағында көрсетілуі тиіс:

- қатысушының аты-жөні;
- жас мөлшері;
- облыс, аудан (қала) немесе ауылы;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқау номинациясы, бұйымның аталуы;
- қатысушы жетекшісінің аты-жөні;
- байқау жұмысының жасалған уақыты.

18. Байқауға бір адамнан екі жұмыстан артық жұмыс қабылданбайды.

19. Байқау соңында жеңімпаздардың ең үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында жарияланады.

4. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> арқылы жүктеп алу мүмкіндігімен www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.